



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Сөзімді Елбасымыздың айтқан сөзімен қорытындыласам, «Бұрын да айтқанмын, тағы да қайталаймын, ұйымның саясилануына жол берілмейді. Шекара қорғау, миграциялық саясат, қорғаныс және қауіпсіздік жүйесі секілді бағыттар, сонымен қатар, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық құқық салаларының ешбірінің бұл экономикалық интеграцияға қатысы болмайды. Тәуелсіз мемлекет ретінде біз барлық мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен белсенді қарым-қатынасымызды жалғастыра береміз және одақ бұл тұрғыда бізге кедергі келтірмеуі тиіс». [8]

Яғни, көріп отырғанымыздай, Еуразиялық экономикалық одақ қазіргі кезеңде әлемді шарпыған экономикалық дағдарысқа қарамастан, посткеңестік кеңестіктегі қолайлы даму жолы болып отыр және деқұрамындағы мүше елдерінің дамуы мен интеграцияның тереңдеуіне ықпал етуде. Ол келешекте Қазақстанның әлемдік кеңістікте ықпалды, қуатты мемлекетке айналуына мүмкіндік тудырады деген сенімдемін.

Қолданылған әдебиеттер

1. Еуразиялық одақ: идеядан болашақтың тарихына. "Ақиқат", 30 қараша 2011 <http://akikatkaz.kz/?p=300>
2. Панфилова В. Договор о создании Евразийского экономического союза подписан. Интернет-журнал «Новое Восточное Обозрение». Источник: <http://ru.journal-neo.org/2014/06/03/rus-dogovor-o-sozdanii-evrazijskogo-e-konomicheskogo-soyuza-podpisan/>. Астанада Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылды. <http://news.nur.kz/315515.html>
3. Н. Назарбаев. «Евразийский Союз: от идеи к истории будущего» // Известия. — 25.10. 2011.
4. Путин В. «Новый интеграционный проект для Евразии — будущее, которое рождается сегодня» // Известия. — 03.10.2011.)
5. Қазақстан үшін Еуразиялық одақтың пайдасы мен қауіптері. 23 маусым 2014 <http://azh.kz/kz/news/view/11610>
6. Ерімбетова Қ.М. Еуразиялық ынтымақтастық бастаулары: идеядан игілікті іс-қимылға бетбұрыс. <http://e-history.kz/kz/contents/view/2083>
7. Еуразиялық экономикалық одақ бізге не береді? <http://ras.kz/?p=2516>
8. Еуразиялық экономикалық интеграция сабақтары. <http://e-history.kz/kz/contents/view/2080>

УДК 327: 626.81 (262.81)

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНІСІ

Бисенбаева Аякөз Бисенбайқызы

bissenbaeva@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Аймақтану мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.А. Шадаева

«Су – тіршілік көзі», қазіргі уақытта бұл аксиомаға айналғандай, бұған себеп те түсінікті, Жер шарының басты элементтерінің бірі – су ақиқатында жаңартылмалы ресурс, алайда бүгінгі күні су мәселесінің жаһандық деңгейдегі өзектілігімен ешкім сөз таластырмайды, керісінше бұл бағыт ашық түрде қаралып, сан түрлі зерттеулер жүргізіліп те жатыр. Су ресурстарының Жер бетінде біркелкі бөлінбеуі және халық санының жаппай өсуі, ХХІ ғасырдың маңызды мәселелерінің бірі – су жетіспеушілігін тудырды. БҰҰ әрбір 3 жылда басып шығаратын баяндамасына сүйенсек, Жер шары су апаты алдында тұр, өйткені Жердегі әрбір 10шы адамға, яғни 1 млрд. адамға су тапшы, ал 7 миллиардтық Жер шарының 2 млрд. адамы ластанған ауыз суын пайдалануға мәжбүр [1]. Сол себепті болса керек

Жаһандық өзгерістерге аяқ басқан халықаралық қауымдастықтың барша мемлекеттері судың кез келген формасы, түрі үшін бәсекелесіп отыр. Бүгінгі таңда біріне гидроэнергетиканы дамыту үшін қажет болса, енді біріне шаруашылық үшін, ал енді бірі теңіз, мұхит тектестерді өздерінің әскери дислокация орнына айналдырмақшы. Сондай шешілмеген мәселелердің бірегейі Каспий.

Каспий теңізі – 370 000 шаршы км-ді қамтитын, іргелес Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан сияқты мемлекеттерді шайып жатқан, әлемдегі ең алып ішкі су қоймасы. Географиялық тұрғыда су қойманы 3 ке бөледі: солтүстік, орталық және оңтүстік Каспий. Солтүстік бөлігі таяз, әрі ең төмен жағалық сызығына ие, тереңдігі 8 метрден аз, Солтүстік Каспий 61,408 шаршы км-ді алып жатыр, ал екінші жағынан Орталық каспий ауданы 85,200 шаршы км, ең аз тереңдігі 95-130 метрге жуық, Оңтүстік Каспий 92,112 шаршы км-ге тең ойпат, ең жоғарғы тереңдік те, ең өнімді газ және мұнай кен орындары да осы бөлікте орналасқан [2, 404 б.]. Бәрімізге белгілі факті, Каспий мәселесінің пайда болу себебі, яғни КСРО құлап, оның орнына жаңа тәуелсіз Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстанның әлемдік аренада пайда болу датасымен теңдей келеді. Аймақта 90 ж-дың басында туындаған басты мәселе – аймақтық мәселеден тысқары пайда болған – Каспийдің халықаралық-құқықтық статусы, өйткені Каспийдің іргелес мемлекеттер саны енді 2 (Иран, КСРО) емес, 5 ке айналды. Осы кезден бастап, осы мәселе төңірегінде қиыншылықтар бірінен соң бірі туындады, атап айтқанда табиғи, энергетикалық және теңіз асты ресурстары да мүлтік қатынасқа тірелді. Бұл кезекте, аймақта сол жылдары пайда болған экономикалық, саяси бәсекелесікті атауға болады, мысалы Әзірбайжан мен Түрікменстан арасындағы Сердар кен орынына байланысты келіспеушіліктер, Алов, Араз, Шарг кен орындары үшін иран-әзірбайжан қарым-қатынастарында алауыздық оты өршіді. 1992 жылдың қазан айынан бастап Каспийдің іргелес мемлекеттері арасында көп жақты кездесулер басталып кетті, осы уақытқа дейін алайда нақты бір шешім қабылданған жоқ. Басты сұрақ: «Каспий мәселесінің статусын анықтаудағы басты кедергілер немесе мәселені қиындатушы факторлар қандай?»

- Каспий құқықтық статусын анықтау
- Каспий маңы мемлекеттерінің консенсусқа келе алмауы
- Каспий экологиялық мәселелері

ТМД мемлекеттерінің аумағында жоғарғы деңгейде осындай ұзақ жылдар бойы талқыланып келе жатқан Каспий мәселесінен басқа сұрақтар да жоқтың қасы. Алайда бұл мәселенің бір тенденцияға айналуы түсінікті. Себебі Каспий – алып мұнай және газ кен орындары, аса бай биоресурстар (бекіре балығы), және де Әскери-теңіз флотының дислокация орыны, яғни бұл тек іргелес жатқан 5 мемлекет үшін ғана емес, континент асып жатқан мемлекеттер үшін де маңызды мәселе болып отыр.

Каспий «теңіз» бе, әлде «көл» деген статусқа ие ме? Бұл сұрақтың туындағанына 20 жылдан астам уақыт өтсе де, жауабы әлі де болсын табылмады, өйткені:

Біріншіден, Каспийдің мұхиттық болмысы, оның арнасы мұхит тектес жер қыртысымен қиыстырылған, деректер бойынша ол 10 миллион жылдар бұрын Сармат теңізі (Тетис) әлемдік мұхитпен арасындағы байланысы үзілген соң, аталмыш теңіз Каспий және Қара теңіз болып екіге бөлініп кеткен. Ал Каспий мәселесінің құқықтық статусына келсек, оның түп тамыры 1729 жылы Ресей империясы мен Парсылар арасында демаркация туралы қабылданған келісім-шарттан басталады, одан кейін 1813 жылғы Гюлистан, 1828 жылғы Туркменчай келісімдеріне сәйкес Ресейге мәңгілікке теңізде әскер флотына рұқсат беретін ерекше жағдай орын алды, ал Парсы елі теңіз сауда қатынасына ғана ие болады. Бұл Каспий теңізі толықтай Ресей юрисдикциясына бағынды дегенге парапар, ал Кеңестік Ресей болса Каспийге байланысты монополистік құқықтарынан бас тартты, осылайша 1921, 1935, 1940 жж мерзімсіз келісім-шарттар кеңес-иран қатынастарын Каспий мәселесінде теңдей бөлді. Мысалы, 1935 ж келісім-шарттың 14 бабында: «Каспий теңізінің барлық ұзындық бойында тек КСРО мен Иранның кемелері және теңізде жүзуге рұқсат алған аталған елдердің ұйымдары мен халқы ғана теңдей құқылы». Осыған сәйкес, Каспий бүгінгі күні – жабық,

әлемдік мұхитпен байланысы жоқ, континент ішілік су қоймасы, сол себепті де 1982 ж қабылданған «БҰҰ теңіз құқығына қатысты Конвенция» - сының Каспийге қатысты «территориялық теңіз», «ерекше экономикалық зона», «континенттік шельф» түсініктерін қолдануға болмайды.

Ал екіншіден, статусына байланысты айтатын басты жәйт, Каспий теңізі заңды түрде «теңіз» болып саналмайды, себебі ол заң тұрғысынан теңіз статусына ие болса, онда Жер шарының әрбір мемлекетіне өз туы астында еркін түрде теңізді қолдануға рұқсат етіледі. Ал бұл олай болған жағдайда, 1982 жылдың Конвенциясының протекциясына байланысты Каспийдің іргелес 5 мемлекеті 12 милдік территориялық суға және 200 милдік ерекше экономикалық зонаға ие болады, ал теңіз ені 200 милден аспайтын болғандықтан, ерекше экономикалық зона теңіздің орталық жағалауынан қақ бөлінеді, сол кезде шекаралас емес мемлекеттер, Батыс Еуропа елдері немесе Азияның алпауыттары, тіпті Карлик мемлекеттердің де болсын еркін түрде Каспий аймағында кеме құру немесе ұшуға, кабель сымдарын, құбыр орнатуына толықтай негіз пайда болады. Егерде, Каспийдің құқықтық статусын «көл» деп танытын болса, онда Каспийдің барлық табиғи байлығы және су акваториясы шекаралас әрбір мемлекетке теңдей бөлінеді. Мысалы, 5 Каспийдің іргелес мемлекеттеріне теңдей 20% беріледі, 2008 ж Астраханьда өткен Үкімет аралық Экономикалық Конференцияның қорытындысы бойынша, Каспий теңізі 5 іргелес мемлекеттердің шекарасын шайып жатыр:

- Иран – оңтүстігінде, жағалау ұзындығы 724 км

- Қазақстан – солтүстігінде, солтүстік-шығысында және шығысында, жағалау ұзындығы 2320 км

- Түрікменстан – оңтүстік-шығысында, жағалау ұзындығы 1200км

- Ресей – батысында және солтүстік-батысында, жағалау ұзындығы 695 км

- Әзірбайжан – оңтүстік-батысында, жағалау ұзындығы 955 км

Егерде көл статусы қабылданатын болса, бұл шешімді ұтымды пайдаланатын Каспий де үлесі аз Иран ғана. 2004 жылдан бері Иран өзінің 20% бөлінісін ұсынып келеді, осыған сәйкес Иран бөлінісі бойынша әр мемлекет теңіз түбін, оған қоса жоғары жатқан суларын да өз басқаруына алатын болады. Каспий көп жағдайда Ресей мен Иран арасындағы жаңа мәселелердің негізгі түп тамырына айналған, Иран нұсқамасына қарама-қарсы нұсқаманы Ресей ұсынды, теңіз жағалауындағы мемлекеттерді өзінің модификацияланған бірдей қашықтықтағы орталық сызық (MML) бойынша Каспий теңізін бөлу жоспарын қабылдауға шақырады. Және бұл жоспарды теңіз жағалауындағы 3 мемлекет Ираннан басқа ойдағыдай қабылдады. Ал, Түрікменстан бұл жоспарға қатысты біржақты пікірге әлі де болсын келе алмай отыр. Дегенмен де, Түркменстан тарапы жақында ғана MML ды қабылдау ниетін білдірген еді. Ал бұл жоспарға байланысты түбегейлі бас тартып отырған Иран Ислам Республикасы ғана. MML-ға сай, Каспий түбі теңіз жағалауындағы 5 мемлекет арасында орталық сызықты ұзарту арқылы бөлінеді. Жоғары жатқан сулар, яғни теңіз түбі үстіндегі сулар теңіз жағалауындағы мемлекеттер арасында «ортақ қолданықа» түседі, осы арқылы Ресей флоты Каспий теңізінің барлық аумағына кедергісіз кіруге толық мүмкіндікті сақтайды. Бұл жоба арқылы Қазақстан – 29.5%, Әзірбайжанға - 21%, Ресей – 20% және Түрікменстан - 17% иелік етсе, бұл келісімге Иранның қосылған жағдайында оған – 12.5% немесе осыған жақын пайыз мөлшері тиесілі болады және оның иелігіне Каспийдің ең терең кейбір жерлерде 900 м төмен бөліктері тиеді. Ал, Иранның бұл келісімнің кез келген тармағына келіспеуінің басты себебі – бұл бөліктерде ресурс бұрғылау процесі төмендігіне байланысты өте қиын, әрі басқа секторларға қарағанда қымбатқа түседі [3].

Түрікменстанның бұл статусты қолдайтындығына аса көп себепте қажет емес, өйткені Орталық Азияда су қоры жеткіліксіз бұл ел «Әлемдік Қор Институты» ақпараты бойынша Жаһандық деңгейде сумен аз қамтылған 13 мемлекеттің қатарына кіреді, сол себепті Түрікменстан Каспийде өз үлесін барынша көбірек ауға тырысады. Сондай-ақ Қазақстан да өз тарапынан теңіз статусын қолдау арқылы «мемлекеттердің құрлықтағы жағалау ұзындық сызығы» бойынша бөлінуінен пайда көретіні сөзсіз, себебі теңіз жағалауындағы 5 мемлекет

ішінде құрлықтағы ең ұзын бөлігі де осы Қазақстанда. Қазақстан үшін Каспий мәселесінде бір шешімге келу өте маңызды, себебі тәуелсіздік алғанына 20 жылдан асқан Қазақстан шекарасының жалғыз делимитацияланбаған аумағы осы Каспий ғана. Осылайша әрбір мемлекеттің өз жеке суверенитет позициясынан аса алмауы, бір келісімге келе алмауының басты себебіне айналып отыр [4. 274 б.].

Осы кезекте, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 ж Астраханьда Каспий мемлекеттерінің 9 қыркүйекте өткен саммитінен сөзін келтірсек: «Біздің мақсатымыз тек теңізді бөліп қою ғана емес, керісінше оның ерекше экожүйесін қорғау. Бұл біздің болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізге жүктеледі». [5].

Каспийдің теңіз ортасын қорғауға байланысты Шектелмелі Конвенция 2003 ж 4 қарашада іргелес мемлекеттер: Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан арасында келісімге қол қойылды. Конвенцияның басты мақсаты – Каспий теңіз қоршаған ортасын ластанудан қорғау, сақтау, жаңғырту, биологиялық қорын тұрақты және тиімді түрде пайдалану. Конвенция 2006 ж 12 тамызда күшіне енді. Алайда, экологиялық мәселелер бойынша ең эффективті стратегия – табиғатты қорғауда іргелес мемлекеттердің белсенді түрде бірігіп қызмет атқаруы және олардың аймақтық деңгейдегі ұлттық немесе мемлекеттік емес ұйымдарды жоғарғы дәрежеде консолидациялауы екендігін ескере кеткен жөн. Шектелмелі Конвенция Каспий теңізінің табиғи, халықаралық құқықтық ерекшеліктеріне сәйкес, ластануды қадағалау және тоқтату бойынша аймақтық ықпалдастықтың жаңа инновациялық формаларын енгізіп, теңіз ортасының күйіне мониторинг жариялау, ғылыми зерттеулер мен дайындауларды жүргізу бағыттарында да жемісті қызмет атқарып отыр [6].

Қазір ме, әлде кейінірек пе Каспийдің іргелес мемлекеттеріне Каспийдің құқықтық статусын толықтай шешуге тура келеді, қарастырылмаған тағы бір нұсқа Халықаралық сот көмегімен құқықтық статусты анықтау. Тарихта белгілі жағдай Солтүстік теңізді Халықаралық сот бөлген болатын, осы жағдайды бастама ретінде алуға әбден болады. Себебі, сарапшылардың анықтамалары бойынша, сот шешімін аз дегенде 5 жыл күтуге тура келеді, ал халықаралық құқық нормасы бойынша сот шешімінсіз кез келген іс-әрекетке тыйым салынады. Бұл нұсқаға тағы бір дәлел – Солтүстік теңіз өз кезегінде құқықтық статусы бойынша – теңіз, және ол БҰҰ 1982 ж Конвенциясына бағынады, ал Каспий керісінше ол Конвенцияға жатпайды, демек Солтүстік теңіз мәселесін шешкен халықаралық сот бұл мәселені де шешетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер

1. www.worldwaterforum6.org – Бүкіләлемдік Су Форумы, - Марсель 2012.
2. Әжіғали С.Е., «Еуразия тарихы мен мәдениеті аясындағы Арал-Каспий аймағы» // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған II халықаралық ғылыми конференция материалдары – Ақтөбе қ., 2011 – 404 б.
3. Rayvand News of Iran ақпараттық орталығы.
4. Салимгерей А.А., «Морское право и внутриконтинентальные государства» – Алматы – 2000 – 274 б.
5. Каспий мемлекеттері президенттерінің саммитінен үзінді – Астрахань – 2014
6. Экологические, экономические и политические аспекты ратификации Республики Казахстан Киотского протокола к Рамочной Конвенции ООН об изменении климата // Мажилис Парламента РК – Астана – 2006

ӘОЖ 327:913(581:73)

АУҒАНСТАННЫҢ ГЕОСАЯСИ ОРНАЛАСУЫ ЖӘНЕ ОҒАН АҚШ-ТЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

Дюсенова Арна Толегеновна
arna.dyussenova@mail.ru